

БАЛАЛАРДЫ ҚАТЫГЕЗДІКПЕН ҚАРАУДАН ЖӘНЕ СЕКСУАЛДЫҚ ПАЙДАЛАНУДАН ҚОРҒАУ



БАЛА ҚАУІПСІЗДІГІНІҢ СТРАТЕГИЯСЫ

ҚАУІПСІЗДІКТІҢ БАСТЫ ФОРМУЛАСЫ:

«АЛДЫН АЛА БОЛЖАУ!

**МҮМКІНДІГІНШЕ – АЛЫС БОЛУ! ҚАЖЕТІНЕ ҚАРАЙ –
ӘРЕКЕТ ЕТУ!»**

Балаларға қатыгездікпен қарауды мынадай түрлерге бөлу жалпы қабылданған:

- Дене зорлығы;
- психикалық(эмоционалдық) зорлық;
- баланың қажеттіліктерін елемеу;
- Сексуалдық зорлық немесе азғыру жәнесексуалдық пайдалану.

Дене зорлығының түрлері



- қолмен, аяқпен, белбеумен, қамшымен және басқа да заттармен түрлі дәрежеде баланы соққыға жығу;
- баланы итеріп жіберу, нәтижесінде жарақат алу ;
- қайнаған сұйықтықтар немесе мұздайсу құю;
- баланың денесін темекімен күйдіру;
- тұншықтыру;
- Басын қабырғаға, үстелге және т.б соғу.::



Психикалық (эмоционалдық) зорлық дегеніміз - балаға ересектер тарапынан тұлғаның дамуын тежейтін және мінездің патологиялық бітісін қалыптастыруға әкелетін мерзімді, ұзақ немесе тұрақты психикалық әсер ету

- **баланы ашық қабылдамау және үнемі сынайту;**
- **баланы елемеу;**
- **бала құндылығын мойындаудан бас тарту;**
- **баланың ата-анасынан бір нәрсені сұрау құқығын мойындаудан бас тарту;**
- **баланы сөзбен қорқыту;**
- **баланы қорлау түрінде айтылған және абыройын кемсітетін ескертулер;**
- **ересектер баланың қауіпсіздігіне қамқорлық ретінде қарастыратын басқа адамдар тарапынан болуы мүмкін дұшпандық әрекеттер мен қорқыту;**

Сексуалдық зорлық немесе азғыру – баланы оның келісімімен немесе келісімінсіз, ересектердің қанағаттануы немесе пайда табуы мақсатында балаларды ересектердің олардың функционалдық жетілмеуіне немесе басқа да себептерге байланысты түсінетін немесе түсінбейтін сексуалдық әрекеттерге тартуы. Сексуалдық зорлық нысандарының бірі – сексуалдық пайдалану болып табылады.



Қазақстанда 5 жылда жыныстық зорлық-зомбылық көрсету фактілерінің саны екі есеге өсті



- Жыныстық қылмыстардың өршуіне бірқатар жағымсыз факторлар, оның ішінде бірінші кезекте адамгершіліктің жаппай құлдырауы кері әсерін тигізіп отыр.

Педофилді қалай тануға болады?



- Барлық ата-аналар өз балаларын зорлық-зомбылықтан сақтағысы келеді. Бірақ біз зорлықшыны (педофильді) тани алмасақ, баламызға қалай қауіпсіз жағдай тудыра аламыз?
- Зерттеу қорытындысы бойынша педофиль қасымызда жүруі мүмкін тіпті көбі таныс балалардың сеніміне кіріп алады. Тек айналаңыздағы адамдардың мазасыздығын, не нәрседен аулақ болу керектігін, балаңызды жағымсыз жағдайдан қалай сақтау керектігін біліңіз.


«Педофиль» деген кім?



- Педофильдер - балаларға жыныстық қызығушылық танытатын психикалық ауытқушылық.
- Психиатрлар мұндай адамдардың жыл мезгілдері ауысқан сайын аурулары күшейетінін айтып отыр. Олардың 80%құрбаны айналасындағы балалар.



Кез-келген ересек адам педофиль болуы мүмкін



1. Ондай аутқушылығы бар адамның дене бітімінде, сырт келбетінде, кәсібінде байқалмайды. Педофилдер кез-келген нәсіл, әйел немесе ер болуы мүмкін. Олардың да өзгелер сияқты өз діни сенімі, ісі және хоббиі болады. Сондай ақ педофиль өз арам ниетін жасыру үшін тартымды, мейірімді, сүйкімді, тәртіпті болып көрінуі мүмкін.
- Бұдан қандай нәтиже шығаруға болады? Амалсыздан өзіңізден басқаның бәріне де ояу санамен қарау керек.

Есіңізде болсын!

Көптеген педофилдер құрбандығы болатын баланы жақсы таниды



- Балаға жасалатын жыныстық зорлықтың 30%да зорлықшы сол жанұяның мүшесі болады екен (өгей әкесі, маскүнем әкесі, атасы, асырап алған ата-анасы, туған немесе туысқан ағалары).
- 60%да зорлықшы жанұя мүшесі емес, бірақ бала оны жақсы таниды. Көбінесе, үйден тыс жағдайда кездесетін адамдар. Бұлар :көршісі, ауылдасы, мұғалімі, жаттықтырушысы, бала күтушісі т.б.
- Тек 10%да ғана балалар таныс емес адамның зорлығына ұшырауы мүмкін.

Педофилдерге жалпылама мінездеме



- Педофилдердің басым көпшілігі ер адамдар болады. Олар өз құрбанының қыз-ұл екендігіне қарамайды, бұл жерде қауіп-қатер қыздар мен ұлдарға бірдей деңгейде.
- Зорлықшылардың көпшілігі өткен өмірлерінде физикалық-жыныстық зорлыққа ұшыраған адамдар болып табылады. Балалық шағында көрген психофизиологиялық жәбірлері – осындай психикалық ауытқушылық тудырған.

Педофилдің іс-әрекеті



- Әдетте олар балаға қызығушылық танытқандай, ересекке қызығушылық танытпайды. Көбіне балаларға жақын жүретін іс-әрекетті таңдайды, баламен оңаша қалғысы келеді.
- Педофиль баланы ересек адамша қабылдайды және өзін соған сай ұстайды. Мысалы сіз досыңызға немесе жарыңызға қалай қарасаңыз, ол балаға солай қарайды.
- Олар көбіне жер бетіндегі барлық балаларды жақсы көретінін және өзі әлі бала сезінетінін жиі айтады.

Балаға «қызмет көрсетуінің» себебін анықтаңыз:

- ▣ **Педофилдің балаға «қызмет көрсетуінің, жақсы көруінің» негізгі себебі: баланың және ата-анасының «сеніміне кіру» болып табылады. Ол бірнеше айлап тіпті жылдап жанұяның сенімді досына айналуы мүмкін. Сіз бір жаққа кетсеңіз баланың қасында қалғысы келеді, баланы дүкенге ертіп барады т.б. себептер тауып, баламен бірге көп уақыт өткізуге тырысады.**
- ▣ **Көптеген зорлықшылар баланың сеніміне толық кіргенше өз әрекетін жүзеге асырмайды.**
- ▣ **Педофиль үйде мейірім жетіспейтін, эмоционалды қолдауды қажетсінетін баланы таңдап, біртіндеп өзіне бейімдеу әдісін қолданады. Балаға «қамқор» ата-анадай жақын көрінеді.**



Кей педофилдер толық емес жанұя балаларын аңдиды. Мұндай жанұяда баланы толығымен қадағалау мүмкіндігі бола бермейді. Сол кезде «жаны ашыған» педофиль баланы қарауға көмектескісі келетінін айтады.

Бала сеніміне толығымен кірген зорлықшы өз құйтұрқы әрекетін құпия ойын ойнау арқылы, трюктер көрсетемін (балалар ойынды жақсы көреді ғой, соның ішінде ол құпия болса балаға тіптен қызық) деп бастайды. Мысалы: «құпия махаббат» ойыны: оның ішінде құшақтасу, сипау, аймалау, т.б. әрекеттер жасау. Баланы өзіне тарту үшін сыйлықтар әперу ...

Балаңызды зорлықшыдан сақтаңыз.




- ▣ Ақпараттаныңыз. Өз аймағыңызда осындай жағдайлар кездесті ме?
- ▣ Әр ата-ана өз баласына мұқият болсын!
- ▣ Хабардар болдыңыз, демек сақтанасыз!
- ▣ Есіңізде болсын, зорлықшыны жазалау – заң қызметкерлерінің мүддесінде!

Балаңыздың мектептен тыс әрекетін бақылаңыз!

- ❖ Балаңыздың өміріне беленді араласып, кез-келген уақытта қасынан табылатыныңды айналасындағыларға байқатыңыз!
- ❖ Өзіңіз толық танымайтын ересекпен бірге ешқайда жібермеңіз!





- Егер балаңызды күтушіге бақтырсаңыз, үйіңізге бақылау камерасын орнатыңыз!
- Ол өзіңіз жоқ кездегі күтушінің келеңсіз әрекетін көрсетіп береді.

**Балаңыздың ғаламтормен байланысын қадағалаңыз!
Педофилдер сайтқа бала немесе жасөспірім болып тіркеліп, өзінің кезекті құрбанын күтіп отыруы мүмкін. Оны балаңыз білуі керек.**



- Балаңызға бейтаныс адамға ғаламтор арқылы фотосын беруге, кездесуге баруға тыйым салыңыз.
- Ғаламторда кіммен араласатынын, не жазысқанын барлығын сіз біліп отыруыңыз тиіс.

Балаңыз сізден толыққанды дәрежеде ЭМОЦИОНАЛДЫ ҚОЛДАУ тапсын!

- Яғни сәбиіңіз тек сізбен сырлас болсын. Балаға түсіндіріңіз: «егер біреу ата-анаңа айтпа деп құпияласа», ол қауіпті нәрсе.
- Балаға көп көңіл бөлетініңізге көз жеткізіңіз, әр күн сайын балаңызбен сөйлесіп отырыңыз!
- Күні бойына немен айналысатынын біліңіз!
- Балаңыз қай уақытта не айтқысы келсе де тыңдағысы келетінін ұмытпаңыз!



Балаңыздың денесін басқа адамның ұстамауы керектігін үйретіңіз!

- Балаға «жағымды» және «жағымсыз» жанасуларды айыра білуге үйретіңіз:
 - «жағымды» жанасулар – бастан сипау, иықтан қағу.
 - «жағымсыз» жанасулар- шымшу, ұру, желкелеу. Сонымен қатар «құпия жанасу» - ұятты жерлерін сипалау, аймалау, дене мүшелеріне қол жүгірту болса, міндетті түрде сізге айту керек. Онашада осылай жасаса, бала «жоқ!» деп айқайлап, тез қашып кетуі керек.
 - Тез арада сізге хабарлау керек.



Балаңыздың көңіл күйін қадағалап, егер сондай жағдай кездесті, біреу тиісті деп айтса, оған ұрыспаңыз және сеніңіз, мұқият тыңдаңыз.

